

**Ешмуратова Анар Карибаевнаның**  
**6D040600 – Режиссура мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**«Қазақ қуыршақ театрының режиссурасы: генезис, эволюция,**  
**жаңғырту» диссертациясының мәтініне**

**АҢДАТПА**

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қуыршақ театры сахна өнерінің феномені ретінде адамның өзін және әлемдегі өз орнын эстетикалық ұғыну өлшемінде ғана емес, сонымен қатар, нақты жергілікті технологиялар симбиоздарын, мінез-құлықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, әлеуметтік нормаларды, моральдық және діни құндылықтарды, дүниетанымдық құрылымдар мен мақсатты болжамдарды білдіретін тарихи өлшемдерде де түсінілетін мәдениет кеңістігінде ерекше орын алады. Бүгінгі таңда қуыршақ театрының табиғаты, оның мәнерлілігінің аясы және өзінің дамуының мәдени-тарихи аспектісінде адами дүниені бейнелеудің ерекшелігі туралы мәселелердің өзектілігі артты.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен әзірленген «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында өнердің бұл түрін зерттеудің ерекше өзектілігі туындады. Бұл елдегі барлық мүмкін болатын өзгерістердің өзегіне айналды. Бұл күрделі кешенді мақсаттың терең мәні ұлттың мәдени кодын қалыптастыру болып табылады, себебі онсыз жалпыұлттық бірлікті нығайту, адами капиталды және азаматтық қоғамды дамыту, елдің өркендеуі үшін әрбір азаматтың күштерін жұмылдыру міндеттерін шешу мүмкін емес: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс».

Отандық қуыршақ театр өнерінің осы жалпыұлттық міндетті шешуге өз үлесін қосуға қаншалықты дайын екендігі туралы мәселе оның өткенін және қазіргі жағдайын талдауға негізделген нақты жауапты талап етеді. Осы жерде, жалпы алғанда, қазіргі заманғы қуыршақ театрының, әсіресе қазақстандық қуыршақ театрының алдында жаһандық сын-қатерлер тұрғанын атап өту қажет, оларды ұғыну біз ұсынған зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.

Қандай жаңа режиссерлік шешімдер ең сәтті және көрермен назарын аудара алады? Кішкентай көрерменнің ұлттық мәдени бірегейлігінің өзегі болатын ең мәдени кодты неғұрлым тиімді және берік қалыптастыруға қандай репертуар қабілетті болып табылады? Бұл сұрақтарға берілген жауаптармен қазақ қуыршақ театрының өнер түрі ретіндегі практикалық қызметі байланысты болғандықтан, бұл біздің зерттеуіміздің өзектілігін одан әрі күрделендіре түседі.

Осылайша, біз бүгінгі күні қазақ қуыршақ театрының алдында тұрған сын-қатерлер арасындағы қарама-қайшылықты ұлттың рухани жаңғыруының маңызды ресурсы ретінде атап өтеміз, оларға лайықты жауап, бір жағынан, режиссура құралдары арқылы берілуі мүмкін болса, екінші жағынан, объектінің теориялық әзірлемелеріне қарамастан, қазақ қуыршақ театры режиссурасының қалыптасуы мен қазіргі жағдайына арналған арнайы ғылыми ізденістердің болмауынан байқаймыз. Бұл қайшылық отандық өнертанудың ғылыми проблемасына айналып отырғандықтан, зерттеу жұмысының өзектілігі мен тақырыпты тандаудағы мақсат-міндеттерді айқындады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Қазіргі таңда қуыршақ театрының ерекшелігін және оның мәнерлеу құралдарын бейнелейтін А.Н. Васильков, Е.С.Деммени, А.В.Минаков, Ю.И. Козюренко, М.М. Королев, С.В. Образцов, Н. Симанович-Ефимов, Н.П. Александров, Е.С. Калмановский, Н.И.Смирнов, О.И.Поляков, Л.Пумпянскийдің, актерлік ойында қуыршақтарды жүргізу техникасы бойынша Э.Г.Крэгтің, қуыршақ жүйесінің теориялық мәселелерін қамтитын А.П.Федотов шығармаларының кең ауқымы бар.

Қуыршақ театрының еуропалық зерттеушілерінің нақты тарихи дәуірлері мен театр типтері контекстінде Э.Мендрон, Ш.Маньен, Йорик (П. Ферринь), Г.Бати, Х.Юрковский, М.Вашкель еңбектерін ерекше атауға болады;

Ұлттық қуыршақ жүйесі Б.П. Голдовский, М.Ю.Дмитриевская, М.А.Кадыров, Л.А.Перепелицина, И.Н.Соломоник, Е.Я.Романовский және т.б. еңбектерінде кеңінен жарық көрді.

Қуыршақ театрын отандық зерттеуде Е.Т.Жуасбековтың «Қазақ қуыршақ театрының қалыптасуы мен дамуы» атты диссертациялық зерттеу жұмысы алғашқылардың бірі болып табылады» (1994).

Қуыршақ театрын қарастыруға арналған феноменологиялық бағыттағы диссертациялық зерттеу Т.С.Хасанғалиеваның «Қуыршақ театры мәдениет феномені ретінде» жұмысы болып табылады» (2007).

**Зерттеудің гипотезасы:** зерттеуде біз қазақ қуыршақ театры мәдениеттің тарихи және ұлттық өзіндік ерекшелігін репрезентациялау құралы ретінде және әлемдік сахналық өнердің мұрасын жинай отырып, ұлттық құндылықтарды беру әлеуетіне ие деген болжамды негізге алдық, режиссура құралдарын оның даму динамикасында ұғыну және режиссерлік шешімдердің эволюциясын, репертуарды тандауды, сахналық мәнерлілікті, қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен ұлттық стилистика жасауды қоса алғанда, қазіргі отандық және шетелдік тәжірибені жан-жақты талдау кезінде неғұрлым толық ашылуы мүмкін.

**Зерттеу нысаны** әлемдік үрдістер ықпалының контекстіндегі сахна өнерінің феномені ретіндегі қазақ қуыршақ театры болып табылады.

**Зерттеу жұмысының пәні** – стилистикалық, сценографиялық, драматургиялық және режиссерлік тәсілдер мен шешімдердің жиынтығы ретіндегі қазақ қуыршақ театры режиссурасы және оның мәдени-тарихи даму динамикасы.

**Зерттеу мақсаты** – ұлттың рухани қайта жаңғыруы тұрғысынан қазақ

куыршақ театры режиссурасының қалыптасуы мен жаңғыруының эволюциясын ашып көрсету.

#### **Диссертациялық зерттеудің міндеттері:**

- ұлттың рухани жаңғыруы контексіндегі қазақ куыршақ театры режиссурасын зерттеудің теориялық-әдіснамалық тәсілдерін анықтау («Рухани жаңғыру» және «Туған жер» бағдарламалары негізінде);
- қазақстандықтардың мәдени бірегейлігін қалыптастыру үдерісіндегі қазақ куыршақ театры қызметінің маңызын ашу;
- сахналық куыршақ өнерінің театралды формаларын қоса алғанда, қазақ куыршақ театрының пайда болу бастауларын зерделеу;
- қазақ куыршақ театрының дамуына кеңестік режиссура мектебінің әсерін көрсету;
- XX ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық куыршақ театры режиссурасының қалыптасу үдерістерін сипаттау;
- қазіргі қазақ куыршақ театры режиссерлерінің шығармашылық ізденістерін зерттеу;
- куыршақ театрларының репертуарлық саясатындағы ұлттық мазмұнды талдау;
- қазақ куыршақ театрындағы режиссерлік шешімдердің мәнерлілік құралдарының инновациялық үрдістері мен жаңғыртылуын, атап айтқанда, қазіргі заманғы режиссерлердің шығармашылық ізденістерінің ерекшеліктерін айқындау.

**Зерттеу әдіснамасы.** Диссертацияда автор зерттелетін жұмысқа жалпы ғылыми және арнайы тәсілдер кешенін қолданды. Олардың ішінде: мәдениеттану, аксиологиялық, тарихи, диалектикалық тәсілдер. Бұл тәсілдерді жүзеге асыру әртүрлі ғылыми-тәжірибелік әдістерді, олардың ішінде: кезеңдеу әдісі, компаративтік, фактологиялық әдістер, театртану және семиотикалық талдау әдістерін қолдануды талап етті.

Зерттеуде әлеуметтік әдістер, атап айтқанда, құрылымдалған сұхбат әдісі кеңінен қолданылды. Респонденттер ретінде қазақстандық куыршақ театрларының ардагерлері, өнер қайраткерлері, XX ғасырдың екінші жартысындағы куыршақ спектакльдерінің тікелей қатысушылары немесе көрермендері сөз сөйледі, оның ақпараты алыс жылдардағы режиссерлік тәжірибе туралы шынайы көріністі қалпына келтіруге, бұрынғы бейнеқұжаттарда тіркелмеген қойылымдар туралы материалдар жинауға мол мүмкіндік берді.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

- қазақ куыршақ театрының заманауи режиссурасы ұлттың рухани мәдениетін жаңғырту ұлттық идеясын қайта жаңғыртуда. Қазақ куыршақ театрының режиссурасын дамыту тұжырымдамасы ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға және қазақ ұлттық мәдениетінің әлемдік қауымдастыққа кірігуіне бағытталған Қазақстанның жетекші мемлекеттік «Рухани жаңғыру» және «Туған жер» бағдарламаларының ережелеріне сәйкес келеді.;
- қазақ куыршақ театры режиссурасының негізгі бағыты өскелең ұрпақтың адамгершілік тәжірибесін байыту; олардың моральдық-рухани

жетілуіне деген қажеттілігін дамыту; қуыршақ спектаклінің балалардың бойында негізгі моральдық құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндігі; қуыршақтардың қойылым арқылы нақты өмірдегі адамның мінез-құлқының моделін бере алу мүмкіндігі болып табылады;

- Қазақ қуыршақ театры режиссурасының бастауы ежелгі миф-салттық тәжірибелерде жатыр, бұл туралы қазақтардың көркем санасы эволюциясының барлық кезеңдерінде мәдениеттің ойын нысандарының сюжеттік және бейнелі-стильдік бірлігі куәландырады. Ұлттық мәдени дәстүрдің өзіндік белгісі техника мен тәсілдердің, жанрлардың, тіпті өнер түрлерінің органикалық қосылуында көрінетін синкретизм болып табылады. Оның жарқын мысалы ретінде аңшылық және ерте мал өсіру мәдениеті дәуіріндегі ортеке қуыршақ-музыкалық өнері болып табылады: ең алдымен, қуыршақты ойнату өнері бола тұра, ол күйсіз, дайындаушының сәндік-қолданбалы шеберліктерінсіз, ал одан бұрын – аңыздар, әңгімелер немесе ертегілердің сүйемелдеуімен мүмкін емес болатын; театралды формаларға, көптеген зерттеушілер сияқты бақсы салттарын жатқызады, кейінірек сал мен серілердің орындаушылық өнері қосылды, оларды қазақ мәдениетіндегі театрландырудың ерте формасы ретінде қарастыруға болады.

- қуыршақ театры Қазақстандағы кәсіби жанр ретінде тек XX ғасырдың бірінші жартысында ғана пайда болды, алайда репертуары да, режиссурасы да қазақы ұлттық сипатта болған жоқ;

- қазақ қуыршақ театрының режиссурасы кеңес мектебінің үлкен ықпалына қарамастан, шарттылығын, ертегілігін, таңғажайыптылығын сақтай отырып өзінің сахналық тілін, өзіндік сахналық шешімдерін таба білді. Бұл ретте аталған театрлардың режиссурасы сахналық жанрлардың алуан түрлілігін: мюзикл, трагедия, комедия, әңгіме, пародия және т.б. пайдаланады;

- салыстырмалы түрде жақын тарихи кезең тұрғысынан алғанда, қазақ қуыршақ театры қалыптасқалы бері өзіндік бірегейлікті, ұлттық негізділікті және ұлттық негізделген ойнақы қуыршақ өнерін қалыптастыра алды. Ұлттық қуыршақ театрларында көрнекті қоюшы режиссерлерді, қуыршақ актерлерін тәрбиелеуге мүмкіндік туды, олардың шығармашылығы арқасында көрермендер аудиториясының қажеттіліктеріне, мүдделеріне жауап беретін қойылымдардың репертуары жасалды;

- жаңа мультимедиялық технологиялардың енуі және қуыршақ театры өнері режиссерлік және көркемдік ізденістер эволюциясының ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, медиалық дәуірде театрға көрермендер назарының артуын атап өткен жөн – актермен жанды эмоционалдық қарым-қатынасты іздеу, таза техногенді ортада реалистік болмыстың жетіспеуі театр қойылымдарын нақты режимде көруге түрткі болады. Шымылдың қатаң шектері жойылды, полижанрлық, әралуан түрдегі сахналық нысандар, сахналық метафоралар пайдаланылады;

- жаһандық театр өнерін дамыту логикасында жылжи отырып, Қазақстанның ұлттық қуыршақ театры жоғары инновациялықпен, жаңашыл режиссерлік шешімдерді тұрақты іздеумен сипатталады. XX - XXI ғғ. тоғысындағы ұлттық идеяның репертуарлық, бейнелі, тұжырымдамалық іске

асырылуы: ұлттық рухани мұраның маңыздылығын өзектендіру; классиканы жаңғырту, оны дәуірлер арасындағы ұрпақтар жалғастығы ретінде «замануиландыру»; отандық драматургиялық мұраға жүгіну; құндылықтық бағдарлардың ұлттық жүйесінің қайта өрлеуінің көрінісі ретіндегі ортеке ежелгі аутентальды театр дәстүрлерін және фольклорлық мұралардың маңыздылығын қалпына келтіру болып табылады;

#### **Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы**

- қазақ қуыршақ театрының режиссурасы өзіндік өнертанушылық феномен ретінде қарастырылды;
- ХХ ғасырдың екінші жартысы-ХХІ ғасырдың басындағы қазақ қуыршақ театры режиссурасы қалыптасуының көптеген деректері ғылыми айналымға енгізілді;
- ұлттың рухани жаңғыруы контексіндегі қазақ қуыршақ театры режиссурасының негізгі бағыттары анықталды;
- қазақ қуыршақ театрларының қалыптасуы үдерісінде кеңес режиссурасы мектебінің объективті рөлі белгіленді;
- ұлттық мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы қазақ қуыршақ театрларының рөлі айқындалды;
- қазақ қуыршақ театрларының репертуарлық саясатындағы ұлттық контент талданды;
- қазіргі кезеңдегі қазақ қуыршақ театры режиссурасында мультимедиялық технологияларды қолдану жолдары белгіленді;
- қазақ қуыршақ театрларының режиссерлік шешімдеріндегі инновациялық үрдістер мен мәнерлілік құралдары рухани мұраны өзектендіру тұрғысынан сипатталды.

#### **Зерттеудің ғылыми-теориялық және тәжірбелік маңыздылығы.**

Диссертациялық зерттеу материалдары өнертанушылардың, мәдениеттанушылардың тарихи-театртанушылық еңбектерінде, театртану тәжірибесінде және қуыршақ спектакльдерінің көркемдік сынында қолданылуы және ары қарай жалғастырылуы мүмкін. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері білім беру саласында, педагогтардың әдістемелік әзірлемелерінде, студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданылуы мүмкін.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.** Диссертацияның негізгі тұжырымдары он екі ғылыми басылымда, соның ішінде нөлдік емес импакт факторы бар Scopus компаниясының деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда, жеті мақала Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланды.

**Диссертация құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылатын әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Мәтін көлемі 135 бетті құрайды.

**Кіріспеде** зерттелетін тақырыптың өзектілігі негізделеді, оның мақсаттары мен міндеттері, ғылыми әзірлену дәрежесі мен ғылыми жаңалығы

анықталады, сондай-ақ қорғауға шығарылатын тұжырымдар ұсынылады, диссертацияның ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңыздылығы болжанады.

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» бірінші тарауы** екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қазақ қуыршақ театрын оның мәдени-тарихи динамикасындағы өнер феномені ретінде зерттеудің әдіснамалық тәсілдері қарастырылады. Қазақ қуыршақ театры ұлттың мәдени кодын қалыптастыру тұрғысынан ұлттың рухани жаңғыруы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында қарастырылады, ал екінші бөлімде оның әлеуметтік-мәдени және тәрбие аспектілерінде функционалдық маңызы анықталады, оның әлеуеті ұлттық мәдени бірегейлікті қалыптастыру ресурсы ретінде айқындалады.

**«ҚАЗАҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ РЕЖИССУРАСЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯСЫ» екінші тарауы** үш бөлімнен тұрады. Оларда, тиісінше, сахналық қуыршақ өнерінің негізгі театралды формалары анықталады, қазақ қуыршақ театрларының пайда болуының бастаулары айқындалады, тарихи-театртанулық талдау негізінде ХХ ғасырдың басым бөлігінде отандық қуыршақ театрлары режиссурасының қалыптасуындағы орыс-кеңестік театр мектебінің рөлі белгіленеді, қазақ қуыршақ театрлары режиссурасының алғашқы қадамдары көрсетіледі.

**«ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ РЕЖИССУРАСЫ»** үш бөлімнен тұратын үшінші тарауында қазақ қуыршақтар театрының қазіргі заманғы режиссурасының ерекшеліктері, ұлттың рухани жаңғыруы контексіндегі қазақ қуыршақ театры режиссурасындағы шығармашылық ізденіс («Рухани жаңғыру» және «Туған жер» бағдарламалары негізінде), қуыршақ театрының репертуарлық саясатындағы ұлттық контент қарастырылады. Қазақ қуыршақ театрының режиссерлік шешімдеріндегі инновациялар талданды.

**Қорытындыда** диссертациялық зерттеудің қорытындысы және оның нәтижелері шығарылады.